

**«БД060300 -Механика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұынылған Байсбаева Оралхан Байтилеуовнаның «Бейстационар сфералық дененің тартылыс өрісіндегі үш өсті бейстационар дененің ілгерілмелі-айнағалды қозғалысын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

**РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының, атап айтқанда «Математика және статистика» басым бағытына сәйкес келеді
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады. Диссертацияда алынған нәтижелер аспан механикасы және астрономия салаларында бейстационар жүйелерді зерттеудің кезектегі сатысы болып табылады. Өрі қарай ғаламдағы күрделі бейстационар құбылыстарды зерттеуге

		<p>жана мәселелердің қойылымын нақтылайды. Ал, ғылыми іс жүзіндегі маңызды – табылған жана шешімдерді аспан денелерінің жасанды және табиғи серітінің динамикалық эволюциясының моделін құрып есептеуде пайдалануға болады.</p>
<p>3. Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p>	<p>Жоғары. Диссертациялық жұмыста жасалған зерттеулердің негізгі нәтижелерін ізденушінің өзі алғаны анық байқалады. Диссертацияда орташаға және ғасырлық ұйытқудың дифференциялық тендеулерін алу, ғасырлық ұйытқу тендеулерін аналитикалық талдау және қорытындылау жұмыстары жасалған. Және де ғасырлық ұйытқу тендеулерінің сандық шешімі алынып, массалары мен өлшемдері тұрақты және айнымалы жағдайлары салыстырылған. Өдебиеттерге шолу жұмыстары сапалы орындалған. Есептің қойылуы мен нәтижелерді талдау жұмыстарында ғылыми кеңесшілердің рөлі жоғары болған.</p>
<p>4. Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі нақты көрсетілген және жұмыста алынған нәтижелер күмән тудырмайды. Жұмыста қазіргі заманауи астрономияның, сондай-ақ теориялық және аспан механикасының өзекті мәселесінің бірі – массалары, өлшемдері, пішіні және басқа да бірқатар физикалық сипаттамалары эволюция барысында уақыт өткен сайын өзгеріп отыратын өзара гравитацияланушы бейстационар екі аспан денесінің ілгерілемелі-айналымды қозғалысы зерттелген. Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге шолу ізденушінің осы бағытта зерттеліп жатқан жұмыстарды және диссертация</p>

		<p>тақырыбы бойынша мәселенің қазіргі жағдайын жақсы білетінін көрсетеді.</p>
<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) айқындайды;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды.</p>	
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Жұмыстың мақсатына сәйкес зерттеудің келесі міндеттері қойылған:</p> <p>-Үш өсті бейстационар дененің ілгерілемеі-айналмалы қозғалысын зерттеу барысында ұйытқыған қозғалыс теңдеулері алынған.</p> <p>-Үш өсті бейстационар дененің ілгерілемеі-айналмалы қозғалысы Делоне-Андруайе элементтер аналогында қарастырылып, эволюциялық теңдеулер алынған.</p> <p>-Эволюциялық ұйытқу теңдеулеріне аналитикалық талдау жасалынған.</p> <p>-Сандық әдістермен ұйытқыған қозғалыстың дифференциалдық теңдеулерінің шешімдері алынған.</p>	
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан. Әрбір келесі бөлім алдыңғы бөлімнің жағдасы болып табылады.</p>	

	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>О.В. Байсбаева массасы және өлшемдері айнымалы үш өсті дененің ілгерілемелі-айналмалы қозғалыс теңдеулерінің жалпы жағдайын қарастырған. Бұл жұмыстың дербес жағдайы М.Ю. Баркин, В.В. Белецкийдің жұмыстарында орындалған. Массасы ер түрлі қарқынды изотропты түрде өзгертін үш өсті дененің ғасырлық ұйытқу теңдеулерін зерттеу және массаның айнымалылығының оның динамикалық эволюциясына әсерін анықтау, сондай-ақ эволюциялық теңдеулердің графикаларын алу үшін символдық және сандық есептеулерге арналған заманауи қуатты бағдарламалық платформа Wolfram Mathematica пайдаланылған.</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыста алғаш рет:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бейстационар үш өсті дененің ілгерілемелі-айналмалы қозғалысын зерттеуде ұйытқыған қозғалыс теңдеулері және ұйытқу теориясының белгілі тәсілдері пайдаланылды.</li> <li>- Бейстационар үш өсті дененің ілгерілемелі-айналмалы қозғалысы Делоне-Андруайе элементтер аналогында қарастырылды және ғасырлық ұйытқу теңдеулері аналитикалық түрде алынды.</li> <li>-Сандық тәсілмен ұйытқыған қозғалыстың дифференциалдық теңдеулерінің шешімдері алынды.</li> </ul> <p>Диссертацияда алынған шешімдерді аспан механикасында кездесетін күрделі мәселелерді</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жана ма?</p> <p>1) толығымен жана;</p> <p>2) ішінара жана (25-75% жана);</p> <p>3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>зерттеуде алғашқы жуық қозғалыс ретінде қабылдауға болады.</p> <p>Диссертацияның қорытындысы толығымен жана болып табылады. Ғылыми жұмыста алғаш рет:</p> <p>-Аналитикалық тәсілмен массасы мен өлшемі айнымалы үш өсті дененің бейстационар центрлік өрістегі ілгерілемелі-айналымы қозғалысын сипаттайтын Делоне-Андуайе айнымалыларында, бірінші ретті, он екі теңдеуден тұратын ғасырлық ұйытқуды сипаттайтын жүйе алынды.</p> <p>-Үш өсті дене Керлер 452 в экзопланетаның центрлік дене жұлдызының өрісіндегі ілгерілемелі-айналымы қозғалысын сипаттайтын Делоне-Андуайе элементтер аналогтарындағы ғасырлық ұйытқу теңдеулері Wolfram Mathematica компьютерлік алгебра жүйесін пайдаланып сандық тәсілмен шешіліп, графикалары алынды.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жана;</p> <p>2) ішінара жана (25-75% жана);</p> <p>3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>Бұл жұмыста ұсынылған техникалық шешімдердің жаналығы бейстационар гравитациялық жүйелер үшін қажетті есептеулер Wolfram Mathematica компьютерлік алгебрасының көмегімен орындалған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары дұрыс және ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p>	<p>Диссертацияда қорғауға ұсынылған үш негізгі қағида келтірілген:</p> <p>1. Үш өсті бейстационар дененің</p>

	1) дәлелденді;	ішкерілмелі-айналымды қозғалысын зерттеу барысында Делоне-Андруайе айнаымалылар аналогында қозғалыс теңдеулері алынды.
	2) шамамен дәлелденді;	7.1 дәлелденді
	3) шамамен дәлелденбеді;	7.2 жоқ
	4) дәлелденбеді;	7.3 иә
	5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.4 кен
	7.2 Тривиялды ма?	7.5 иә
	1) ия;	2. Аналитикалық тәсілмен массасы мен өлшемі айнаымалы үш өсті дененің бейстационар центрлік өрісегі ішкерілмелі- қозғалысын сипаттайтын Делоне-Андруайе айнаымалыларында, бірінші ретті, он екі теңдеуден тұратын ғасырлық ұйытқуды сипаттайтын жүйе алынды.
	2) жоқ;	7.1 дәлелденді
	3) бұл тұжырымда ереженің тривиялды екенін тексеру мүмкін емес.	7.2 жоқ
	7.3 Жаңа ма?	7.3 иә
	1) ия;	7.4 кен
	2) жоқ;	7.5 иә
	3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес. айналымды	3. Үш өсті дене Керлер 452 в экзопланетаның центрілік дене жұлдызының өрісіндегі ішкерілмелі-айналымды қозғалысын сипаттайтын Делоне-Андруайе элементтер аналогтарындағы ғасырлық ұйытқу теңдеулері Wolfram Mathematica компьютерлік алгебра жүйесін пайдаланып сандық тәсілмен шешіліп, графикалары алынды.
	7.4 Колдану деңгейі:	7.1 дәлелденді
	1) тар;	7.2 жоқ
	2) орташа;	7.3 иә
	3) кен	7.4 кен
	4) бұл тұжырымда ереженің колдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	7.5 иә
	7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
	1) ия;	
	2) жоқ	
	3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

8. Дәйектілік қағидағы. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Өдіснаманы тандау – негізделген немесе өдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияда өдіснама нақты жазылған. Негізгі жұмыстың басым бөлігі осыған арналған. Сипаттама 2,3-тарауларда берілген.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертациялық жұмыста бейстационар травидациялық жүйелер үшін канондық ұйытқу теориясының әдістері, Mathematica компьютерлік алгебрасының заманауи әдістері және сандық әдістер кеңінен қолданылады.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
	8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	О.Б. Байсбаеваның диссертациялық жұмысының барлық тарауында манызды мәлімдемелер ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.

9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</p> <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер	<p>Диссертациялық жұмыс бойынша ескертулер жоқ.</p>


<p>12. Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>	<p>Докторанттың аталған диссертациялық жұмысы бойынша ғылыми журналдарда жарық көрген ғылыми мақалалары зерттеу тақырыбына сәйкес келеді және мақалалардың ғылыми деңгейі жоғары</p>
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>	<p>Байсбаева Оралхан Байтилеуовнаның «БД060300 –Механика» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға ұсынылатын <b>«Бейстационар сфералық дененің тартылыс өрісіндегі үш өсті бейстационар дененің ілгерілмегі-айналмалы қозғалысын зерттеу»</b> диссертациялық жұмысы Қазақстан Респубикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің талаптарына сәйкес келеді және аталған мамандық бойынша философия докторы PhD дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.</p>

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге ұсынамын;

**Ресми рецензент:**

Жаратылыстану ғылымдарының докторы,  
Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан

  
  
**ЖАҒТМ** Шүжирғалиев Б.Т.  
**SSN**